



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАЛДЫҚ ҒАЛЫМ АПАРАСЫ
ҚАЗАҚ ҚАЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ • УНИВЕРСИТЕТ ӘМІРІ ФАРАБИ • NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ
И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

BULLETIN

INTERNATIONAL RELATIONS AND
INTERNATIONAL LAW SERIES

4(72) 2015

ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ №4 (72)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Журнал саяси, философиялық ғылымдар және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізімі кіреді // ЖАК бюллетені, №3 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК төрағасының бұйрығы 26.06.2003, №433-3 // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК

ЖАУАНТЫ ХАТШЫ

Балаубаева Б.М.,

т.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Телефон: +77011839459

E-mail: binur77@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мұтанов Г.М., бас редактор (Қазақстан)

Рамазанов Т.С., бас редактордың орынбасары (Қазақстан)

Шакиров К.Н., з.ғ.д., профессор ғылыми редактор (Қазақстан)

Губайдуллина М.Ш., т.ғ.д., профессор ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айларбаев С.Ж., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алессандро Грасси Буцци, профессор Ла Сапиенза университеті (Италия)

Ауған М.Ә., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Байзақова Қ.Е., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Барбара Януш-Павлетта, т.ғ.д., PhD, ассистент-профессор (Германия)

Беата Эшмен, саяс.ғ.д., ассистент-профессор, Бремен университеті, Берлиндегі «Орталық Азиялық зерттеулер» атты неміс журналының бас редакторы (Германия)

Варико К., профессор, Дж.Неру университеті (Үндістан)

Грегори Глиссеп, саяс.ғ.д., профессор Нью-Мехико университеті (АҚШ)

Елемесов Р.Е., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ибрашев Ж.У., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Кукеева Ф.Т., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Макашева К.Н., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Манимбаева Г.А., з.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Мусабекова У.Е., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Николас де Педро Домингuez, профессор ассистенті Барселона институты (Испания)

Сабикенов С.Н., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сәлімгерей А.А., з.ғ.к., доцент, Мемлекет және құқық институты (Қазақстан)

Шабаль П. PhD, профессор (Франция)

ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У И М І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шақкозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Еркін Жайнаков

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жабылу мен таратуды үйлестіруші

Молдір Оміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 8571

Басуға 25.11.2015 жылы қол қойылды.

Нішімі 60x84 1/8. Колемі 14,5 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс №2859. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

<i>Идрышева Ж.Қ.</i>	
Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі және оның дамуы	124
<i>Dabyldaeva N.E.</i>	
Trends of business tourism in the global market	130
<i>Оңдаш А.О., Оңдашұлы Е.</i>	
Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуының бәсекесге қабілеттілік деңгейі	136

3-бөлім Раздел 3
Халықаралық құқық Международное право

<i>Шакиров К.Н.</i>	
Конституционное регулирование внешнеполитических полномочий Президентов Республики Казахстан и Французской Республики: сравнительно-правовой анализ	144
<i>Аманжолов Ж.М., Ахметов Е.Б.</i>	
Сообщество безопасности АСЕАН: состояние и перспективы (общесистемный анализ).....	152
<i>Нысанбекова Л.Б., Айдарбаев С.Ж.</i>	
Тенденция развития международного права в регулировании вопроса международной правосубъектности индивидов	160
<i>Rahimbaeva R.M., Tussupova A.Zh.</i>	
Legal analysis of the adoption procedure of constitutional laws in foreign countries.....	166
<i>Байжомартова К.А.</i>	
Анализ международно-правовых документов в области охраны окружающей среды	172
<i>Аянбаев Е.С., Сайрамбаева Ж. Т.</i>	
Роль международного права в гармонизации законодательства в сфере пищевой безопасности в мире для снижения пагубного воздействия пестицидов	178
<i>Баймагамбетова З.М.</i>	
Правовая природа и проблемы применения Инкотермс в международной торговле	184
<i>Досымбекова М.С., Токтыбеков Т.А.</i>	
Международно-правовые основы борьбы с коррупцией	190
<i>Адибаева А.К.</i>	
Определение понятия преступления геноцида и его основных форм в свете действия и применения специальной Конвенции ООН 1948 года	196

4-бөлім Раздел 4
Мемлекетшілік құқық Внутригосударственное право

<i>Тусупова А.Ж.</i>	
К вопросу о прямом действии норм Конституции Республики Казахстан	204
<i>Апенев С.М.</i>	
Социально опасное последствие как одно из условий социальной обусловленности норм уголовного права	210
<i>Жайлау Ж.</i>	
Обеспечение прав и безопасности детей в период вооруженных конфликтов: правовые аспекты.....	216
<i>Баданова А.Б., Сериев Б.А.</i>	
Меншікке қарсы қылмыстардың ХХІ ғасырдағы құқықтық жағдайының қарқынды дамуы	222

5-бөлім Раздел 5
Білім беру және тіл білімі мәселелері Вопросы образования и языкознания

<i>Dossybayeva G.K.</i>	
Next steps in the perfecting the system of Higher education in RK	230
<i>Мусабекова У.Е., Нуржанова Ж.С.</i>	
Политический диалогический дискурс СМИ: коммуникативные намерения и коммуникативные стратегии	244
<i>Борібаева С.Б.</i>	
Дипломатиядағы шешендік сойлеу өнері.....	249
Авторлар туралы мәліметтер	249

Оңдаш А.О., Оңдашұлы Е.
**Қазақстан экономикасының
индустриялық-инновациялық
дамуының бәсекеге
қабілеттілік деңгейі**

Ongdash A.O., Ongdashuly E.
**The level of competitiveness
of the industrial-innovative
development of Kazakhstan's
economy**

Ондаш А.О., Ондашұлы Е.
**Уровень
конкурентоспособности
индустриально-
инновационного развития
казахстанской экономики**

Автордың пікірінше, елдер үшін қалыпты болып келетін адам капиталды «ығыстырудың» басты факторлары өндіруші салалардың біліктілігі жоғары жұмыс күшіне деген сұраныстың болмауы (немесе аз ғана болуы), халықтың кедейлігі, сондай-ақ кен орындарын ашу мен және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты кәсіпорындардың көпшілігін бақылайтын қоғамдық сектордағы халықаралық бәсекелестіктің жетіспеуі болып табылады.

Алайда, егер елде пайдалы қазбалардың кен орны ашылған кезде ол демократияның жоғары индексімен, ал оның халқы – білімнің жоғары индексімен сипатталса (адами даму индексінің үлесі), онда мұнай, газды экспорттаудан алынатын кірістер экономикалық осуын ынталандыруға ықпал етуі ықтимал. Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін зерттеулерде ғана пайдаланылған тәсіл қазіргі уақытта ауқымды міндеттерді шешу, оның ішінде салалар мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру кезінде қолданылады.

Түйін сөздер: Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуы, бәсекеге қабілеттілік, білім, жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі.

According to the author, the main factors of «crowding out» of human capital naturally in such countries is the lack of demand (or insignificant demand) for highly skilled labor in the extractive industries, poverty and the lack of international competition in the public sector, which controls the majority of related businesses field development and mining. However, if to the moment of the opening of the country's mineral resources it was characterized by a high index of democracy, and its population was characterized by a high index of education (percentage of the human development index), the revenues generated from the export of oil, gas, most likely will help to stimulate economic growth. The approach, which was used only in research about the problems of the competitiveness of enterprises, is currently used in the solution of a broad range of applications, in particular, enhancing the competitiveness of industries and regions.

Key words: Industrial-innovative development of Kazakhstan's economy, competitiveness, education, the Global Competitiveness Index.

По мнению автора, главными факторами «вытеснения» человеческого капитала естественным в таких странах является отсутствие спроса (или несущественный спрос) на высококвалифицированную рабочую силу в добывающих отраслях, бедность населения, а также нехватка международной конкуренции в общественном секторе, который контролирует большинство предприятий, связанных с разработкой месторождений и добычей полезных ископаемых. Однако, если к моменту открытия в стране месторождений полезных ископаемых она характеризовалась высоким индексом демократии, а ее население – высоким индексом образования (доля индекса человеческого развития), то доходы, полученные от экспорта нефти, газа, вероятнее всего, будут способствовать стимулированию экономического роста. Подход, использовавшийся только в исследованиях проблем конкурентоспособности предприятий, в настоящее время применяется при решении обширного круга задач, в частности, повышении конкурентоспособности отраслей и регионов.

Ключевые слова: индустриально-инновационное развитие казахстанской экономики, конкурентоспособность, образование, индекс глобальной конкурентоспособности.

Ондаш А.О., Ондашұлы Е.

**Қазақстан экономикасының
индустриялық-инновациялық
дамуының бәсекеге
қабілеттілік деңгейі**

Ongdash A.O., Ongdashuly E.

**The level of competitiveness
of the industrial-innovative
development of Kazakhstan's
economy**

Ондаш А.О., Ондашұлы Е.

**Уровень
конкурентоспособности
индустриально-
инновационного развития
казахстанской экономики**

Автордың пікірінше, елдер үшін қалыпты болып келетін адами капиталды «ығыстырудың» басты факторлары өндіруші салалардағы біліктілігі жоғары жұмыс күшіне деген сұраныстың болмауы (немесе аз ғана болуы), халықтың кедейлігі, сондай-ақ кен орындарын ашу мен және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты кәсіпорындардың көпшілігін бақылайтын қоғамдық сектордағы халықаралық бәсекелестіктің жетіспеуі болып табылады.

Алайда, егер елде пайдалы қазбалардың кен орны ашылған кезде ол демократияның жоғары индексімен, ал оның халқы – білімнің жоғары индексімен сипатталса (адами даму индексінің үлесі), онда мұнай, газды экспорттаудан алынатын кірістер экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал етуі ықтимал. Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін зерттеулерде ғана пайдаланылған тәсіл қазіргі уақытта ауқымды міндеттерді шешу, оның ішінде салалар мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру кезінде қолданылады.

Түйін сөздер: Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуы, бәсекеге қабілеттілік, білім, жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі.

According to the author, the main factors of «crowding out» of human capital naturally in such countries is the lack of demand (or insignificant demand) for highly skilled labor in the extractive industries, poverty and the lack of international competition in the public sector, which controls the majority of related businesses field development and mining. However, if to the moment of the opening of the country's mineral resources it was characterized by a high index of democracy, and its population was characterized by a high index of education (percentage of the human development index), the revenues generated from the export of oil, gas, most likely will help to stimulate economic growth. The approach, which was used only in research about the problems of the competitiveness of enterprises, is currently used in the solution of a broad range of applications, in particular, enhancing the competitiveness of industries and regions.

Key words: Industrial-innovative development of Kazakhstan's economy, competitiveness, education, the Global Competitiveness Index.

По мнению автора, главными факторами «вытеснения» человеческого капитала естественным в таких странах является отсутствие спроса (или несущественный спрос) на высококвалифицированную рабочую силу в добывающих отраслях, бедность населения, а также нехватка международной конкуренции в общественном секторе который контролирует большинство предприятий, связанных с разработкой месторождений и добычей полезных ископаемых. Однако если к моменту открытия в стране месторождений полезных ископаемых она характеризовалась высоким индексом демократии, а население – высоким индексом образования (доля индекса человеческого развития), то доходы, полученные от экспорта нефти, газа, скорее всего, будут способствовать стимулированию экономического роста. Подход, использовавшийся только в исследовании проблем конкурентоспособности предприятий, в настоящее время применяется при решении обширного круга задач, в частности, повышении конкурентоспособности отраслей и регионов.

Ключевые слова: индустриально-инновационное развитие казахстанской экономики, конкурентоспособность, образование, индекс глобальной конкурентоспособности.

**ҚАЗАҚСТАН
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ИНДУСТРИЯЛЫҚ-
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМУЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІК ДЕҢГЕЙІ**


Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуын талдай отырып, 1990-шы жылдардың екінші жартысында Қазақстанда экономиканың құлдырауы тоқтағанын, ал 2000 жылдан бастап белсенді өсу фазасы басталғанын айта кету қажет. Экономиканың жылдам қарқынмен өсуінің негізі елдің экспортында басты бағытты иеленетін шикізат секторы болды (әсіресе, мұнай, қара және түсті металл өнімдері).

КСРО-ның таралуымен Қазақстан шикізат кенорындарын, атап айтқанда инвесторларға тартымды жағдайларда мұнайды игеру үшін шетелдік капиталды тарта бастады, бұл 1990-шы жылдардың соңында өзінің нәтижелерін берді. Осымен қатар елде ұлттық инновациялық жүйені қайта құру мақсатында ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті басқару мен ұйымдастыруда жеткілікті дәрежеде түбегейлі реформалар болып жатты. Бұл реформалардың барлығы үнемі ойдағыдай іске асырылды деп айтуға болмайды, қазіргі уақытта елді индустриялық-инновациялық дамытудың оңтайлы үлгісін іздестіру үдерісі жалғасуда, бұл белгілі бір дәрежеде стратегиялық мақсатты – әлемнің 50 едәуір бәсекеге қабілетті елінің қатарына кірумен байланысты.

Ұлттық экономиканың ашық сипаты, жаһандану үдерістерінің жылдамдауы, Қазақстанның әлемнің дамыған елдеріне қатысты экономикалық өсудің озық қарқынымен тұрақты даму жолына түсу мақсаты ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне және сәйкесінше, оның айқындаушы факторы болып табылатын Қазақстанның өнеркәсіп кешеніне қойылатын талаптарды қалыптастырады.

Жалпы қабылданған көзқарасқа сәйкес экономиканың бәсекеге қабілеттілігі орташа мерзімді болашақта экономикалық даму қарқынын сақтайтын институционалдық және экономикалық іс-шаралардың кешені ретінде анықталады.

Женева менеджмент мектебі (IMD) [1] есептейтін жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша 2012 ж. Қазақстан өткен кезеңмен салыстырғанда 4 позицияға көтеріліп, 32-ші орында (1-сурет). Посткеңестік кеңістіктегі елдердің арасында Эстония – 31 орында, Литва – 36 орында, Ресей – 48 орында, Украина – 56 орында.



1-сурет IMD-2012 жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі Қазақстан

Ескерту пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [1]

Елдің бәсекеге қабілеттілігі жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің өсуінің жалпы индексімен Global Competitiveness Index (GCI), экономикасы ашық елдер үшін көп факторлы үлгінің көмегімен есептелетін ықпалдасқан көрсеткішпен өлшенеді және әрқайсысы бойынша жыл сайын Дүниежүзілік экономикалық форум (Давос) елдердің рейтингін белгілейді. 2013 ж. әлемнің 148 елі үшін жасалған GCI бойынша соңғы рейтингке сәйкес Қазақстан Ресейді басып озып (64-ші), 50-ші орынды иеленеді (Қосымша Г қараңыз).

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есептер авторларының пікірі бойынша (the Global Competitiveness Report), елдің экономикалық өсуі халықаралық саудадағы оның ашықтығымен, мемлекеттік саясаттың сапасымен, қаржы жүйесінің тиімділігімен, мобильділігімен, қоғамдық институттардың сапасымен едәуір тығыз байланысты. Жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің басты кешенді факторлары болып: 1) институттар; 2) инфрақұрылым; 3) макроэкономикалық орта; 4) денсаулық сақтау және бастапқы білім беру; 5) жоғары білім мен оқыту; 6) тауар нарықтарының тиімділігі; 7) еңбек нарығының тиімділігі; 8) қаржы нарықтарының дамуы; 9) технологиялық даярлық; 10) нарықтың мөлшері; 11) бизнестің тиімділігі танылады.

2012 ж. Қазақстан дамудың 2-ші сатысынан (тиімді даму сатысы) дамудың 3-ші сатысына

(инновациялық даму сатысы) өткен, экономикасы бар ел ретінде рейтингке алғаш рет қатысқанын айта кету қажет. Барлық өткен жылдарда Қазақстанды 1-ші сатыдан (факторлық даму сатысы) 2-ші сатыға өтпелі экономикалы елдер тобына жатқызып келген. Елдің даму сатысын Дүниежүзілік экономикалық форум екі өлшемнің негізінде: адам басына шаққандағы ЖІӨ және табиғи ресурстар экспортының үлесі негізінде анықтайды.

2013 ж. Қазақстан позициясының жақсаруы бәсекеге қабілеттіліктің барлық дерлік факторлары бойынша байқалды. Ең маңызды жетістік инновациялық әлеует факторы бойынша белгіленді (84; +19), ол бойынша Қазақстан өзінің рейтингін 19 позицияға жақсартты. Сондай-ақ бәсекеге қабілеттіліктің өсуінің күшті қозғаушы күші тауарлар мен қызметтер нарығының тиімділігін жақсарту (56; +15) және қаржы нарығының дамуы (103; +12) болды (1-кесте).


1-кестенің графикалық көрінісі төмендеу жапырақшалы диаграммада берілген (2-сурет) қараңыз).

Дүниежүзілік экономикалық форум егер олар 50 орын бойынша рейтингте 1-ші орынды иеленетін болса факторларды бәсекелестікті артықшылықтар ретінде айқындаған. Мысалы, 111 индикатордан Қазақстан 27 индикатор бойынша бәсекелестікті артықшылықтарға ие (2-кесте).

1-кесте – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің факторлары

	2012	2013	Өзгеріс
Қазақстанның жалпы рейтингі	51	50	+1
Қойылатын негізгі талаптар	47	48	-1
Институттардың сапасы	66	55	+11
Инфрақұрылымның даму деңгейі	67	62	+5
Макроэкономикалық тұрақтылық	16	23	-7
Денсаулық сақтау және бастапқы білім беру	92	97	-5
Тиімділіктің интенсификаторлары	56	53	+3
Жоғары білім және кәсіптік даярлық	58	54	+4
Тауарлар мен қызметтер нарығының тиімділігі	71	56	+15
Жұмыс берушілер мен жалдамалы қызметкерлер қатынасындағы әріптестік	19	15	+4
Қаржы нарығының дамуы	115	103	+12
Технологиялық дайындық	55	57	-2
Нарықтың молшері	55	54	+1
Инновациялар мен даму	104	87	+17
Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі	99	94	+5
Инновациялық әлеует	103	84	+19

Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [2]



2-сурет – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің факторлары


Ескерту – пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [2]

2-кесте Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары

Атауы	2012	2013	Өлшеу
Саясаткерлерге қоғамдық сенім	46	37	9
Мемлекеттік шығындардың тиімсіздігі	50	31	19
Мемлекеттік сектордағы шешімдердің қабылдану ашықтығы	53	32	21
Корпоративтік басқару тиімділігі	67	36	31
Инвесторларды қорғау	36	10	26
Темір жолдар инфрақұрылымының сапасы	33	29	4
Станциялық телефондар саны	46	47	-1
Ұялы байланыс абоненттерінің саны	38	20	18
Мемлекеттік артықшылық/тапшылық	16	12	4
Жинақтаудың ұлттық нормасы	12	13	-1
Мемлекеттік қарыз	12	14	-2
Бизнес бәсекеге орташа мерзімдік ықпал ету	1	1	0
Бәсекедің таралуы (статистикалық деректер)	1	1	0
ЛИТВ таралуы (статистикалық деректер)	21	12	9
Орта білім, оқытындардың үлесі (статистикалық деректер)	18	35	-17
Салық салу деңгейі мен тиімділігі	41	39	2
Салық мөлшерлемелері (статистикалық деректер)	31	31	0
Бизнесті бастау үшін қажетті рәсімдер саны (статистикалық деректер)	34	47	-13
Ауыл шаруашылығы саясатының шығындары	49	48	1
Сағып алушылардың жетіктігі	40	36	4
Жалақыны белгілеу кезіндегі икемділік	31	49	-18
Жұмыспен қамтудың икемді еместігінің индексі	39	30	9
Жалдау және жұмыстан босату тәжірибесі	34	24	10
Жұмыстан босатумен байланысты шығындар	16	25	-9
Еңбекке ақы төлеу және өнімділік	18	10	8
Жұмыс істейтін әйелдер	19	24	-5
Сыртқы нарық көлемінің индексі (статистикалық деректер)	47	43	4

Ескерту пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [2]

Corruption	18.9
Inadequately educated workforce	13.3
Inefficient government bureaucracy	8.8
Access to financing	8.5
Tax regulations	7.4
Tax rates	7.1
Poor work ethic in national labor force	5.9
Inadequate supply of infrastructure	5.3
Inflation	5.2
Insufficient capacity to innovate	5.0
Restrictive labor regulations	3.7
Crime and theft	3.1
Poor public health	2.5
Foreign currency regulations	2.1
Policy instability	1.6
Government instability/coups	1.5



3-сурет Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі қиындық тудыратын факторлары

Ескерту пайдаланылған әдебиеттің негізінде автор құрастырған [2]

GCI 111 индикаторынан 82 индикатор бойынша жақсару, 21 индикатор бойынша төмендеу байқалады, 6 индикатор бойынша өзгеріс жоқ.

Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін едәуір қиындық тудыратын факторлар деп сұрақ қойылғандар, сыбайлас жемқорлықты (18,9%), қызметкерлер біліктілігінің төмен болуын (13,3%), тиімсіз мемлекеттік бюрократияны (8,8%) және қаржыландыруға қол жеткізуді (8,5%) белгіледі (3-сурет).

Ел экономикасының, атап айтқанда өнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін қазіргі заман талабында арттыру және қысқа тарихи кезеңнің ішінде (30 жылға дейін) әлемнің экономикалық және технологиялық жағынан дамыған елдерінің қатарына кіре алған елдердің (Израиль, Ирландия, Оңтүстік Корея, Финляндия және т.б.), олардың экономикасын дамытудың инновациялық үлгісін бекітумен байланысты.

Әлемнің экономикалық және технологиялық жағынан дамыған елдеріндегі, сондай-ақ экономикалық өзгерістер жақсы жағына қарай өсуші елдердегі экономикалық өсудің басымдықты доктринасына айналған экономиканы дамытудың инновациялық үлгісінің мәні инновациялық үдерістер арқылы шаруашылық айналымға алдыңғы қатарлы технологиялар, ғылыми-техникалық әзірлемелер мен басқа да ғылыми-техникалық саланың зияткерлік меншік құқығының басқа да объектілері ескілді ой еңбегінің өнімдерін кеңінен енгізу, сондай-ақ оларды коммерцияландыру немесе әлеуметтік-экономикалық әсер алу мақсатында тиімді ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер енгізу болып табылады. Экономиканы дамытудың инновациялық үлгісін бекітудің дәлелі оның барлық салаларына инновациялық үдерістерді тарату болып келеді.

References

- 1 Overall ranking and competitiveness factors. IMD World Competitiveness, 2013 // http://www.imd.org/uupload/imd.website/wcc/Overall_ranking_5_years.pdf
- 2 The global Competitiveness Report 2013 – 2014 // http://www3.weforum.org/docs/WEF_GlobalCompetitivenessReport_2013-14.pdf